

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

ҒТАХР: 03.20

<https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

<https://orcid.org/0009-0003-4634-591X>

Карибаев С.Ө.*, Байназарова Б.Ә.

тарих ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

тарих ғ.к, аға оқытушы. ОАИУ. Шымкент, Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ

*Автор-корреспондент: ksarsebay@mail.ru

Түйін: әр халықтың тарихында оның даму ерекшелігін сипаттайтын құрылымдар бар. Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін айқындайтын ерекшеліктердің бірі батырлар институты болып табылады. Дәстүрлі қазақ қоғамының көшпелі өмір салты, сыртқы қатерлерден қорғау қажеттілігі нәтижесінде батырлар институты қалыптасты.

Қазақ даласында батырлар институтының қалыптасуы ерте орта ғасырларда басталып, дамудың шағын жолынан өткен жоқ. Атап айтқанда, біріншіден, батырлар ерте орта ғасырларда, түркі қағанаттарының тұсында қалыптасты; екіншіден, ол XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысында гүлденді; үшіншіден, Ресей отаршыл әкімшілігінің ықпалымен батырлар институтын жою бойынша шаралар қабылданды. Мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау батырлардың басты міндеті болды. Белгілі бір кезеңде ол өз елінің, халқының бірлігі мен Тәуелсіздігінің тірегіне айналды деп нақты айтуға болады. Батырлар институтының тарихын зерделеудің, жаңа фактілердің ашылуының арқасында бұл еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға ықпал ететіні белгілі болды. Қазақ батырларының тарихын зерделеу өскелең ұрпақтың бойында патриотизмді тәрбиелейтіні баршаға мәлім

Кілт сөздер: батырлар институтын қалыптастыру, дәстүрлер, қазақ тарихы, ұлттық бірегейлік

МРНТИ: 03.20

<https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

<https://orcid.org/0009-0003-4634-591X>

Карибаев С.У.*, Байназарова Б.А.

к.и.н., доцент, ЮКУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан

к.и.н, ст. преподаватель. ЦАИУ. Шымкент, Қазақстан

ИНСТИТУТ БАТЫРСТВА В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

* Автор-корреспондент: ksarsebay@mail.ru

Аннотация: В истории каждого народа есть структуры, характеризующие специфику его развития. Одной из особенностей, определяющих национальную идентичность казахского народа, является институт батыров.

В результате кочевого образа жизни традиционного казахского общества, необходимости защиты от внешних угроз, сформировался институт батыров. Становление института батыров в казахской степи началось в раннем средневековье и прошел не малый путь развития. А именно, во-

первых, герои сформировались в раннем средневековье, при тюркских каганатах; во-вторых, он пережил расцвет в XVIII и первой половине XIX веков; в-третьих, под влиянием российской колониальной администрации были предприняты меры по уничтожению института батыров.

Защита государства от внешних врагов стала главной задачей батыров. Можно однозначно сказать, что в определенный период он стал оплотом единства, независимости своей страны, народа. Благодаря изучению истории института батыров, открытия новых фактов становится ясно, что это способствует укреплению независимости нашей страны. Всем известно, что изучение истории казахских героев воспитывает патриотизм у подрастающего поколения

Ключевые слова: формирование института батыров, традиции, казахская история, национальная идентичность

IRSTI: 03.20

<https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

<https://orcid.org/0009-0003-4634-591X>

Karibaev S. O.*, Bainazarova B.A.

c.of historical sc., associate prof., M.Auezov University. Shymkent, Kazakhstan

c.of historical sc., senior lecturer. CAIU. Shymkent, Kazakhstan

INSTITUTE OF BATYRS IN TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

***Author-correspondent:** ksarsebay@mail.ru

Abstract: In the history of each nation there are structures that characterize the specifics of its development. One of the features defining the national identity of the Kazakh people is the institute of batyrs. As a result of the nomadic lifestyle of the traditional Kazakh society, the need to protect against external threats, the institute of batyrs was formed.

The formation of the institute of batyrs in the Kazakh steppe began in the early Middle Ages and went through a long way of development. Namely, firstly, the heroes were formed in the early Middle Ages, under the Turkic khaganates; secondly, he flourished in the XVIII and the first half of the XIX centuries; thirdly, under the influence of the Russian colonial administration, measures were taken to destroy the institute of batyrs. The protection of the state from external enemies has become the main task of the batyrs. We can definitely say that in a certain period he became a bulwark of unity, independence of his country and people. Thanks to the study of the history of the Batyr Institute, the discovery of new facts, it becomes clear that this contributes to strengthening the independence of our country. Everyone knows that studying the history of Kazakh heroes brings up patriotism in the younger generation

Keywords: formation of the Batyr institute, traditions, Kazakh history, national identity

Кіріспе

Әлем халықтарының тарихы мен мәдениетінде, салты мен дүниетанымында берік қалыптасқан заңдылық бар. Ол - ел ертеңі үшін күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған билеушілерінің даналығын, батырларының ерлігін, өнер саңлақтарының мұрасын ұрпақтан ұрпаққа аманаттау.

Қазіргі таңдағы жер көлемі жағынан әлемдегі тоғызыншы орынды ойып алуымыз, азаттық жолында «басын бәйгеге тіккен» батырлар мен қолбасшылардың жанқиярлық ерлігінің жемісі.

Бұрынғы кеңестік заманда осындай тақырыптарды зерттеуге саяси-идеологиялық тосқауыл қойылып, жеткілікті мән берілмеді. Оның басты себебін, 1917-1944 жылдар аралығындағы тарихты жазудағы, соның ішінде ресейлік отарлау мәселесінде қалыптасқан тұжырымдардан байқауға болады. Бұл жөнінде Кеңес тарихшыларының көрнекті өкілі, КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі А. В. Ефимов былай деп көрсетеді:

1. Ресейдің жекелеген халықтарының тарихы дербес субъект ретінде зерттелуі мүмкін емес, ол тек объект ғана. Басқаша айтқанда, кіші халықтардың орталықтан тыс өз тарихы болмайды.

2. Үлкен халықтардың кіші халықтарды жаулап алуы, не болмаса қосып алуы

объективті прогрестік факт. Демек, Ресейдің шет аймақтарды отарлауы тек прогресті жағынан түсіндірілуі тиіс.

3. Аз халықты отарлауға қарсы күресінің прогресті жағы болғанымен, оларды «орыс тарихының қаһармандарына» айналдыруға болмайды.

4. Бұқараның тәуелсіздік үшін күресінен гөрі реформа үшін күресі неғұрлым әділ. Сондықтан шет аймақтардың тәуелсіздік үшін күресі аса дәріптелмесін.

5. Ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерін мадақтауға болмайды. Басқаша айтқанда, езілген халықтардың бостандық жолындағы отарлық езгіге қарсы күресіндегі батырлары мен қолбасшылары, жауынгерлік күрес тарихы болуға тиіс емес» [1,4].

Құжаттан байқағанымыздай, ел қорғаған батырларымызды «орыс тарихының қаһармандарымен» қатар қоюға, олардың «отарлық езгіге қарсы азаттық жолындағы күресіндегі ерлігі, тарихын» зерттеп, зерделеп халықтың тарихи жадында мәңгі сақталуына саналы түрде тыйым салынды. Нәтижесінде ұлттық тарихымызда «ақтаңдақтар» пайда болды. «Ақтаңдақ» дегеніміз - отарлық билік тарапынан шынайы тарихымызды жазуға тиым салынған және зерттелсе де, шындығы ашылмаған өткен тарихымыздың кезеңдері мен оқиғаларын айтамыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізуіміз «ақтаңдақтардан» арылуға, шынайы ұлт тарихын жазуға зор мүмкіндіктер берді. Ел қорғаны бола білген ұлт батырларымыз туралы тың зерттеулер жарық көріп, ұлт мақтанышына айналды. Батырлардың ерлігінен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізі жатқандығын байқауға болады.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алып, тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру, хронологиялық және бақылау әдісі, тарихи-элеуметтік және т.б. бағыттағы зерттеу әдістерімен қатар, тарихилық, объективтілік, альтернативтілікүстанымдары басшылыққа алынды.

Теориялық талдау

«Батыр» сөзінің мән-мағынасы ер жүрек, батыл дегенді білдіреді. Екіншіден, әскери -соғыс өнерін жақсы меңгерген, ерлігімен есімі бүкіл елге тараған, қаһарман батыр адамға берілетін құрметті атақ.

«Батыр» сөзін түркілік кезеңдегі «баһадур» терминінен бастау алады. Бұл жөнінде қазан төңкерісіне дейін зерттеген Ш.Уәлиханов[2,461], Л.Костенко В.В.Радлов, қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі тарихшы, лингвистер де, сондай-ақ, тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеушілер А.Кушқумбаев[3,184], И.Ерофеева[4,2], М.Дауытбековалар[5,411] да осы көзқарасты қолдайды.

«Қадірғали би Қосымұлы және жылнамалар жинағы» атты еңбектің авторлар Р.Сыздықова мен М. Қойгелдиев «баһадур» сөзі біріншіден, батыр, жүректі адам деген мағынаны білдірсе, екіншіден, батыр адамға берілетін атақ деп қорытынды жасайды[6,128].

Заманауи зерттеушілердің басым бөлігі қазақтардың батырлық рухының жоғары болуын экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы және қазіргі кезеңдегідей еларалық шекара айқындалмағандықтан кең көлемді аумақтарды үнемі қорғап отыру қажеттілігінің нәтижесі деп қорытынды жасайды. Мысалы, қазақтардың батырлық рухының жоғары болуын Л.Кржевицкий малды тұрақты түрде күзету қажеттілігінен десе, Ф.Ратцель көшпелі қазақ қоғамның жыл мезгіліне сай үнемі қозғалыста болатындығы мен жалпы іс-қимылдар жасауға қабілеттілігімен байланыстырды.

Дәстүрлі қазақ қоғамының көшпелілік өмір-салты, сыртқы қауіп-қатерден қорғанудың қажеттілігі нәтижесінде батырлар институты қалыптасты.

Көрші елдермен жер, жайылым үшін әскери қақтығыстар жиілей түскен жағдайда соғыс өнеріне «маманданған» тұрақты әскерилердің болуы заңдылық болатын. Мемлекетті, елді, жер мен суды сыртқыжаулардан қорғау батырлардың басты міндетіне

айналды. Нәтижесінде, қазақ еліне жан-жақтан қауіп-қатер күшейген кезеңде батырлардың қоғамдағы орны арта түсті.

Қазақ қоғамындағы батырлар институтының қалыптасуы туралы тарихшы ғалымдардың көзқарасы сан алуан. Айталық, Е.Бекмаханов батырлар институты әскери-феодалдық рубасылары [7,62-64], Н.Аполлова «XVII-XVIII ғасырларда батырлар әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан күшейеді» [8,254], Т.Шойынбаев «батырлар, мырзалар, тархандар, ақсақалдар мен билер жаңадан қалыптасып келе жатқан мемлекеттік аппараттың өкілдері» ретінде қалыптасты деп [9,198] атап өтеді.

Ұлт батырларының ішінде «сегіз қырлы, бір сырлы», даналықты, шешендікті ту еткен тұлғалар болған. Мысалы, Сырым Датұлының жас кезінде Есентемір Бөкен биге батасыналайын және ақыл сұрайын деп ат, шапан алып барағанда Бөкен бидің астарлы батасының мән-мағнасын талдап беруін айтып кетсек те болады.

XVII-XVIII ғасырларда қазақ жеріне Ресей, Қытай, Жоңғар, Қоқан, Хиуа мемлекеттерінің қауіп-қатері күшеген кезең болатын. Сол себепті, ішкі және сыртқы күштердің әсерімен қазақ қоғамында батырлар әлеуметтік саяси топ ретінде пайда болды, уақыт өте жетілді, қалыптасу, күшею дәуірін бастан кешірді.

Тарихшы М.Вяткин мұндай жағдай қазақпен көршілер өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарында байқалмайды, тек дәстүрлі қазақ қоғамына тән құбылыс деп бағалайды [10, 247].

Бұл көзқарасты біз де қолдаймыз. Себебі, Шыңғысхан заманындакең тараған «батыр» термині басқа түркі тілдесхалықтар мен кейбір еуропалық елдерде тек құрметті әскери атақ ретінде қалып қойды.

Ал, көшпелі өмір салтының талабы қазақтың кең байтақ даласында батырлардың саяси, әлеуметтік мәртебеге дейін жетілуіне алып келді. Әсіресе, жоғарыда айтылған XVIII ғасырдыңбасы елдің саяси аренасында және ішкі әлеуметтік өмірінде батырлардың үстем болуына алып келді.

Тәжірибелік бөлім

Бастауын Сақ, үйсін, қаңлы заманынан алатын батырлар институты XVIII ғасырдағы қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін бірнеше сатыдан өткен:

1. Ру, тайпалардың әскер басы, көсемі болған - рулық құрылыс кезеңі;
2. Феодалданып, ақсүйектер табымен теңесе бастаған - феодалдық дәуір;

3. XVII-XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар қатынастары өршіп тұрған кезі - батырлар институтының гүлдену дәуірі;

4. Ресей отаршылдығына қарсы ұлт азаттық көтерілістің құлаш жая бастауы;

5. Ресей бодандығындағы кезең- батырлар биліктен шеттетіліп, Ресей заңы үстем еткен тұста батырлық өз мәнін жоғалта бастады. Патша үкіметі дәстүрлі басқару құрылымдарымен қатар батырларды да жоюға бар күшінсалды. Тіпті «Орданы басқаруда ханның өзінің де бізге тиімді не тиімсіздігін анықтапалуымыз қажет, болмаса басқарудың басқа түріне көшкен жөн» деп патша әкімшілігі ойларынанық жазды.Әкімшілік реформалар батырлар институтының жойылуына алып келді.

Батырлардың негізгі қызметі ел қорғау, соғыс өнерін, әскери тәлім-тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, мемлекет мүддесі үшін қызмет ету, елдің саяси өмірі мен ішкі және сыртқы істеріне белсене қатысу, билермен кеңесіп, маңызды шешімдер қабылдап отыру болатын. Бұл міндеттерді адал орындағаны тарихта белгілі.

Сонымен қатар, батырлар бейбіт кезде әскери дайындықта болу, әскери машығын төмендетіп алмас үшін аңшылықпен айналысқан. Аңшылық арқылы елді асырау, мал-жандарына зиянкелтірген жырқыш аңдардан құтқарып отырған.

«Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» қатысты Ел қорғау мәселесінде қазақ батырларының қолданған соғыс тактикасы, өкінішке орай, жан-жақты зерттеліп, халық арасында насихатталуы кенжелеп келеді. Осыған аса мән бергеніміз жөн.

Қасиетті ел мен жерді қорғауда қазақ батырлары «Көз алдау»,«Қоян қашты», «Ай

қораланды», «Тұлғам», «Шашыла шабу», «Қоян қашты жасау», «Екі аша немесе үш аша соғысы», «Ошақ соғысы», «Ұры соғыс», «Жүре соғыс», «Дода соғыс», «Қоян қолтық соғыс», «Үлкәр жәрік соғысы», «Үш тоғыс соғысы», «Аламан соғыс», «Шұбыртпалы соғыс», «Қаша ұрыс салу», «Құйрық жеу», «Жекпе-жек соғысы», «Жылқының ішін жарып соғысу» сияқты соғыс тәсілдерін кеңінен пайдаланған.

«Жекпе-жек» шайқас алдындағы екі жақтан екі батыр шығып шайқасады. Жекпе-жекте ашық жеңіске жету бір жағынан үлкен абырой еді, даңққа бөлейтін. Жұрт батыр деген атақ беретін.

Жекпе-жек өткізу қазақтарда ХІХ ғасырға дейін пайдаланылып келген. Жекпе-жек көп жағдайда шайқастың тағдырын шешетін.

1627 жылы Хазар (Каспий) теңізінің бойындағы қазақ пен қалмақ соғысы сексен үш күнге созылады. Ұрыстың тура бір жарым айы жекпе-жекпен өтеді.

1727 жылы Бұланты бойындағы шайқаста ұрыстың алғашқы үш күні жекпе-жекпен өтсе, ал 1729 жылы Аңырақай шайқасының он екі күні жекпе-жекпен өтеді. Аңырақай шайқасындағы он екі күндік жекпе-жекте қазақтар жағынан шығын болмайды.

«Қоян қашты жасау». Бұл соғыс тәсілі келе жатқан жаудың бағытын біліп алып, бір топқазақ жауынгерлері алдынан шығады. Қалмақ әскерімен кездескенде, кездейсоқ кездескендейкейіп танытады да, қашады. Қалмақтар қашқан қазақ жауынгерлерінің артынан қуа жөнеледі.

Ал қазақ жауынгерлері садақ оғы жетпейтіндей аралықта қашып отырады да, жер жағдайынақарай «Қоян қашты» тәсілінің аяқ жағын не «Ошақ соғысына» немесе «Ай қораланды соғысына» айналдырады, болмаса тағы басқа соғыс тәсілдерін қолданады.

«Екі аша немесе үш аша соғысы». Бұл соғыста жауды екіге немесе үшке бөліп жібереді. Негізгі қолдан айырылған қалмақ қолбасшысы бір жаққа, ал қолбасшысынан айырылған жауынгерлер екінші, үшінші жаққа қашады. Қолбасшысыз қалған қол не істерін білмей қашып құтылуға тырысады.

«Ошақ соғысы». Бұл соғыс тәсілінде қазақ жауынгерлері «қоян қашты» жасау арқылы жауды негізгі қолға алып келіп ұрындырады. «Қоян қашты» жасап келе жатқан қазақ жауынгерлерін қуған жаудың алдынан және екі жағынан, яғни үш жағынан соққы беріледі.

«Ұры соғыс». Бұл соғыс аты айтып тұрғандай түнде жүргізілетін тәсіл. Айсыз түнде аз ғана қолмен қалмақ қосына кіріп, шу шығарып өздері сытылып шығып кетеді. Шырт ұйқыда жатқан жоңғарлар шудан шошып оянып, қараңғы түнде өздерімен өздері соғысып, көп шығынға ұшырайды. «Ұры соғысын» көбінесе Бөгенбай батыр жүргізген. Ол кейде жалғыз барып, жоңғар қолбасшыларын тұтқындап, олардан көп мәлімет алып қайтқан.

«Жүре соғыс» - негізгі қол бір-екі күндік кейде оданда ұзақ жерге жүріп кетеді. Арттарынан қуған жауларға әр жерден садақшылардан тосқауыл қойып кетеді. Тосқауылдағы садақшылар жауды тосып алып, біраз шығынға ұшыратып, негізгі қолға келіп қосылады. Жау жағы осындай бірнеше тосқауылға кез болып, арасы сиреп шығынға ұшырайды.

«Дода соғыс» - нағыз кескілескен соғыс. Бұл соғыс қылыш пен шоқпар және айбалтаның ғана соғысы болады. «Дода соғысында» қару сілтеу тәсілдері қолданылады.

«Қоян қолтық соғыс» - бұл соғыстың «дода» соғысынан айырмашылығы - мұнда қазақ жауынгерлері жұбын жазбай соғысады. Бұл соғыста да қару сілтеу тәсілдері қолданылады.

«Үш тоғыс соғысы». Бұл соғыста үш мың қолды мың-мыңнан үшке бөледі. Алғашқымың қол жаумен бие сауым уақыт соғысып, «қайт!» деген бұйрық, екінші мың қолға «құдай беттеріңнен жарылқасын!» деген әмір берілгенде соғысқа кіреді. Оларға «қайт!» деген әмір берілгенде, бата алған үшінші мың соғысқа кіреді. Яғни бірінші мың бие сауым уақыт соғысқаннан кейін майданнан шығып кетеді. Осы кезде екінші мыңдық

соғысқа кіреді.

Ал бірінші мыңдық тың күшпен қайта толықтырылып, кезегін күтіп тұрған үшінші мыңдықтан кейін соғысқа кіруге әзір болып тұрады.

«Аламан соғыс» - бұл халықтық соғыс, яғни жау шапқанда халық бір болып жаппай соғысу тәсілі. «Шұбыртпалы соғыс» - табиғи кедергілерді, тау жоталарын пайдаланып, жағалайсоғыс жүргізу әдісі. «Қаша ұрыс салу». Бұл ұрыста қазақ жауынгерлері майданды тастап қашады. «Қазақтарқашып бара жатыр, біз жеңіске жеттік» деп, еліріп алған қалмақтар қуа жөнеледі. Осы кездеқазақтар оларды алдын ала дайын тұрған, мылтығы мен садақтарын кезеп жатқанмергендердің тосқауылына алып келіп ұрындырады. Мергендердің тосқауылына тап болғанқалмақтар кері қашуға мәжбүр болады.

Ал, «Жылқының ішін жарып соғысу тактикасы» - қазақ жау жүрек батырларының ең соңғы қолданатын ұрыс тәсілі болған. Бейне өзін құрбан етіп, жауды жарып жіберетін соңғы жауынгер сияқты, ақырғы қаһармандық, жанкештілік ұрыс тәсілі ретінде қолданылған. Қаптаған қалың жау басып келгенде, соңғы қалған батырлар жылқының ішін жарып, жасырынып немесе кеудесін қалқан етіп, басып келген жауды бір-бірлеп атып, қырады екен. Бұл ұрыс тактикасын бейғам жатқан қазақ даласына тосыннан жоңғарлар шапқыншылық жасаған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары елін, руын, тайпасын аман алып қалып, алға жылжытып жіберу үшін, өздері тосқауылда қалып, жандарын пиде еткен батырлар ең соңғы жанкешті ұрыс тәсілі ретінде қолданған.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақтың басынан небір жаугершілік заман өтсе де, дәстүрлі қару-жарағын асынып, атқа қонып, ел қорғауға аттанатын. Уақыт өтіп, заман ілгерілеген сайын өзге елдер қашықтықтан ұрысу тәсіле көшсе де, халқымыз контактілі ұрыс қаруларын сақтап қалды.

Қазақтардың жаугершілігінің белсенді фазасында Еуропа елдері әлдеқашан қашықтықтан ұрыс жүргізу тактикасына көшіп кеткен болатын.

Оқ-дәрілі мылтықтың дамуы ұрыс жүргізудің бұрынғы айла-тәсілдерін адам танымастай өзгертті.

Еуропада біртіндеп «прусс қатары» әдісі ене бастады: мұнда қарсы тараптар бірі-біріне қарама-қарсы сап түзеп жүріп, оқ жететін жерге келгенде мылтықтарының білтелерін тұтатып, көздеп тұрып ататын.

Мергендік, мылтықтың сапасы және оқтау жылдамдығы ендігәрі жеңістің кепілі болып, намыс, айбын, жаужүректік сияқты қасиеттердің рөлі майдан даласында азая бастады.

Халқымыз контактілі ұрыс қаруларын сақтап қалуының сыры неде? Бірінші себебі, көбі ойлайтындай - мылтықтың болмауынан емес. Атыс қаруларының Ұлы Далаға ене қоймауының себебі - «таза жеңіс» культі әлі мықты болатын.

Екіншіден, көптеген ұрыстар мақсатты түрде мобилизация жасап емес, 10-15 адамдық жасақтардың кездесіп қалуынан болғандықтан, қашықтан атып құлату немесе басқа айла- тәсілмен жеңу - арамдық, қару жасау болып есептелді, дала жауынгерлері мұндай жеңісті қанағат тұтпады. Осылайша, Ұлы Далада жақыннан қоян-қолтық соғысу, яғни контактілі ұрыс маңызын сақтап қала берді.

Қазақтың соғыс қаруын жасау әдіс-тәсілдері туралы мәселе де өкінішкеорай, назарамыздан тыс қалып келеді. Шоқан Уәлихановтың «Қазақ оқ-дәрісінің құрамы» атты еңбегінде қазақтардың сор, көмір, күкірттен қалай оқ-дәрінің жасалу жолдары туралы жазады [11,463-468].

Қазақ елінде соғыс жағдайында «Сүлік ұста», «Бармақ ұста», «Етборсық емші», «Жеркөсе» сияқты арнайы мамандар қызмет еткен.

Сүлік ұсталар «Сасықтеке» шөбінің түтінінулы газ есебінде пайдаланылған. Осы әдіс арқылы жаудың қатарын тез сиретіп, жеңілуіне алып келетін. Улы түтіннен басы айналып, ұйқы қысып ұйықтап қалатын. Кейде өлімге де әкелетін. Бұл әдіс «Ұйқымалым

сірне» деп аталады.

Сүлік ұсталар меңдуана және дермене, мия, итсигек, теке-сасық, сора, көкнәр, жалбыз, адыраспан, т.б. улы өсімдіктерді, емдік шөптерді жинаған кезде, оларды араластырып, қайнатып, өлім аузындағы жауынгерге ота жасағанда, аталған шөптер арқылы наркоз сияқты ұйықтатып, емдеп отырған.

Сүлік ұсталар жауға қарсы шайқасқа түсерде арнайы жасақтың садағы пен найзасының ұштарын ұғамалып шайқасқа аттандыратын. Бұларды ерекше мерген, найзагер, қылышкер сарбаздарға бөліп беріп, бұл қарулардануланып қалмауын қадағалап отырған. Жауға қарсы улы шөптердің түтінін пайдаланғанда, желдің қай жақтан соғатынын есептеп, ешкі майы батырылған маталармен тұмшаланып алатын. Себебі, ешкі майы улы өткізбейді, тоңып қалады. Адамға да, жылқыға да осы әдісті пайдаланатын. Ал, егер жауынгер уланға жағдайда ұға қарсы емдік шөптермен емдеп алатын.

«Жер көсе» жұлдызшылары ауа райын болжап, жел қайжақтан соғатынын анықтап отыратын. Жұлдызшылардың ақпаратына сәйкес қазақ жасағыжаудың жолын торып, жел оң жақтан соқса, оң жақтағы, жел сол жақтан соқса, сол жақтағы улы шөмеле шөпті садақшы мергендер жебесіндегі жанған шүбірекпен атып, улы түтіннің желмен кең тарап, жау әскерін ыңғайсыз жағдайда қалдырып, жау қолына үлкен шығынға әкелетін.

«Етборсық» емшілердалалық госпитальдарда қос тігіп, сынған сүйекті, ішкі ағзаларды тазалап жуып, әрі кесіп, аталғанұлы шөптер арқылы жауынгерді бірнеше күнге дейін ұйықтатып, ота жасап аман алып қалып отырған. Олар жазылғанша емшілердің бақылауында болатын. Тараз, Түркістан, Иасы қалаларында емдеу орталықтары сүйегі сынған, ауыр жараланған адамдарды емдеп, ота жасап, қатарға қосып отырған.

Етборсық емшілер жараланған жауынгерлерге ота жасаған кезде «Отырардың отты» шарабын, жауынгерлерге күш-қуат беру үшін «Алтайдың бал шарабын», қаны аздарға «Тараздың жүзім-жеміс шарабын», жүйкесі сыр берген жағдайда сарбаздарға кейде шөп дәрілермен қатар қатаң тәртіппен «Тәшкеннің нан шарабын» беріп, жауынгерлердің күш қуатын, денсаулығын арттырып, қатарға қосып отырды.

Жеті атасынан бері емшілік қасиеттері бар адамдарды іздеп тауып, Тараз қаласында жеті жылдай оқытып емшіліктің қыр-сырын үйретіп, маман етіп дайындап шығатын.

Ұлытау, Қаратау, Алтай, Түркістан маңында, Текелі қалаларында қазақтың «Бармақ» ұсталары ұңғы, білтелі мылтықтар, қолға түскен қаруларға қарап, «От-ұшпа» зеңбіректерін жасаған.

Ұлытау өңірінің ұстаханалары «Отжағар, Боқжағар» деп аталған. Ұсталар «Отжағарда» шойынды қызыл жалынға қыздырып, шыңдап, жүйрік атпен шауып, желге суытқан. Аттардың тезегін үлкен ыдыста ашытып, қаруларды соған суытқан. Бұл әдіс «Боқжағар» деп аталған. Суға емес, жел, ашытылған аттың тезегінде суытылған осындай әдіспен соғылған қарулардың жүзі мұқалмаған, морт сынбайтын болған.

Етборсық емшілер, Сүлік ұсталар, Жер-көсе билер, ауа райын болжайтын жұлдызшылар қазақ қоғамында қадірленіп, халық арасында құпия ұсталған [12].

Жоғарыда аталған мамандардан ант алынып, бейбіт кезде адамзатқа қарсы қолданбау, тек қана халық мүддесінесай соғыс жағдайында ғана пайдалану міндеттелген. Ант бұзылған жағдайда оларға өлім жазасы кесілді.

Дәстүрлі қазақы ортада, негізінен, ел басына қиын-қыстау заман туғанда ақылымен, ерлігімен көзге түскен тұлғалардың есімдері мен атамекен атаулары ұранға айналған. Әсіресе, қазақ халқы үшін ауыр қасірет әкелген жоңғар шапқыншылығы тұсында атқа мінген көптегенқазақ батырларының есімдері бір ғана емес бірнеше рулардың да ұрандарына айналыпотырды.

Жалпы қазақ халқында ұрандардың қолданысқа шығу негізі рулардан бастау алады. Белгілі рудың батыры ең алдымен, ерлігімен көзге түсіп өз руының ұранына айналса, кейіннен даңқы үш жүзге тараған тұлғаға айналғанда есімі жүздік немесе халықтық

ұрандарға айналып жатады. Мәселен, жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқастар барысында қол бастаған хандардың, батырлардың есімдерін бүкіл қосын ұрандатып, атой салған.

Ел аузындағы аңыздардың бірінде шайқаста хан Абылай өзін құтқарып қалған Тоғанас батырды шақыртып: «Сенің есімің - елде жоқ есім екен, елде жоқ есімді иеленген адам бір тайпаға көсем болуға лайық. Лайықтығыңды ісіңнен көрдім. Атың бір рулы елге ұран болатындай-ақ ер екенсің. Көп жаса, шырағым», - депті. Аузы дуалы Абылайдың сөзінен соң, кейін Тоғанастың аты күллі Сіргеліге ұран болып қалыптасыпты.

Қазақ халқы ел ішіне жау шапқанда «Аттан» салып ұрандатса, шайқастар мен жекпе-жек ұрыстарда «Аруақ» деп ұран шақырған.

Батырлардың мистикалық қасиеттерге де ие болған. Оған дәлел, 1959 жылы шілде айының басында Әлімтау аймағында алапат өрт болады. Өрт жолындағысының бәрін жалмап өшіруге бой бермей келе жатады. Н.С.Хрущевтың тың игеру саясатының нәтижесінде сол кезде Дарбаза совхозының Әлімтау бөлімшесінде мыңдаған гектар жерлерге бидай егіледі. Ғасырлар бойы тың жатқанжерге бидай өте бітік шығады. Өрт бой бермей осы бидайға жақындай түседі. Өртті тоқтату үшін істеген әрекеттерден еш нәтиже болмайды. Өрттің алдын алып жер айдамақшы болғанда, екі «ДТ» тракторы өртеніп кетеді.

Сонда амалы таусылған Нұрбеков Ошақбай «Дарбаза» совхозының партия ұйымының хатшысы, директор Кузнецовты ертіп Жабай атаның жуғысына барып, Алладан, Жабайбабадан жәрдем сұрайды. Керемет шілденің нағыз қайнап тұрған ыстығында аспанға бір шөкім бұлт шығып, өрттің үстіне төгіп-төгіп өтеді. Өрттің өшкенін көрген екі басшы өрт болған жерге жетіп келсе, өрт бидайға 50-60метрдей жерге келіп өшкен екен. Содан кейін Кузнецов Жабай Атаға сеніп өмір бойы сиынып өткен.

Абылай заманында бес қарулы жігітке он талап қойылған болатын:

- 1) күресте жеңу,
- 2) аударыспақта басым түсу,
- 3) садақ атқанда құралайды көзіне тигізу,
- 4) құрықпен, шокпармен өнер көрсету,
- 5) асау атты үйрету,
- 6) бүркітпен түлкі алу,
- 7) ат жарыста мәреге алғаш жету,
- 8) қылыштасуда көзге түсу,
- 9) найзалауда жауын қабақтай ұшыру,
- 10) найза атуда нысанаға дөп тигізу.

Бұл талаптар Ағыбай батыр жырында жақсы айтылады [13,232]. Аталған талаптардан қазақтың жас батыры да, хас батыры да сүрінбей өтетін.

Хан Кене атасы Абылайдың жолын ұстанып, әскеріне ерекше талаппен жауынгерлер алған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, батырлар институты дәстүрлі қазақ қоғамының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, негізінен сыртқы факторлардың әсерімен пайда болып, уақыт талабына сай қалыптасты, дамыды.

Жырларға, ән мен күйге, аңыз - ертегіге арқау болған соғыс өнері мен әскери амал-айланы биік сатыға көтеруші мемлекеттің интеллектуалдық қарымын арттырды. Өкінішке орай, Ресей тарапынан қазақ жері мен елі қарудың күшімен басып алғаннан кейін батырлар институты жойылды.

Дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар институтының жойылуымен қазақ халқының дәстүрлі қоғамына тән құндылықтар бірге жойыла бастады. Бұл жағдай, патша үкіметінің отарлау саясатының дәстүрлі қазақ қоғамына тән барлық әлеуметтік институттармен қатар, оларға байланысты халықтың рухани таным-түсінігімен біте

қайнасып кеткен ұғымдарды да күйреткендігін көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының өз маңызынан айырылуы Ресей империясының ұзақ уақыт бойы жүргізген мақсатты отарлау саясатының нәтижесі болғандығын атап өтуіміз қажет.

Батырлар институты артына мол тарих қалдырған ұзақ даму жолдарынан өтті. Қай кезеңде де ол елінің, жұртының біртұтастығы үшін, тәуелсіздігі үшін қызмет етті. Батырлар институты тарихын зерттеу арқылы оның жаңа беттерінің нәтижесінде бүгінгі еліміздің тәуелсіздігінің іргесінің бекуіне септігін тигізетіндігі анық.

Тәуелсіз қазақ халқы аман тұрғанда батырлар есімі мен ісі әрқашан зерттеліп-зерделеніп, халық арасында құрметтеле беретіні күмәнсіз ақиқат.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов Қ., Рахметов К. Түрік халақтарының тарихы. 2-ші кітап. Алматы. «Білім». 1997 жыл, 4 б.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата. Наука, 1985. Т.4. С. 461
3. Кушкумбаев А. К Военное дело казахов в XVII-XVIII вв. Алматы. Дайк-Пресс, 2001. С. 184
4. Ерофеева И. Батыры как феномен истории казахского народа //Казахстанская правда. 1992. 25 сентября
5. Дауытбекова М. Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары. // 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. // Материалы международной научной конференции. 20-24 февраля 2001 г. Ч. II. Алматы. 2001. 932 с.
6. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы. Қазақ университеті, 1991. 270 б.
7. Бекмаханов Е.Б. К вопросу о социальной природе батыров (XIX в.) // ВАН КазССР. 1947. № 8. С.62-64.
8. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. Алма-Ата. АН ССР, 1948. 254 с.
9. Шоинбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. Алма-Ата, 1982. 279 с.
10. Вяткин М.П. Батыр Сырым. Алматы, «Санат», 1998. С.390
11. Валиханов Ч.Ч.. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи / Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. 463-468 б.
12. Орбұлақ шайқасының құпиясы. <https://e-history.kz/kz/news/show/2294/>
13. Ақжолтай Ағыбай батыр. Жезқазған, 1992. 232 б.

Referens liste:

1. Amanjolov K., Rahmetov K. Turik halaqtarınıñ tarihi. 2-kitap. Almatı. «Bilim». 1997 jılı omir surgen, 4 b.
2. Valikhanov CH.CH. Sbornik sochineniy v pyati tomakh. Alma-Ata. Nauka, 1985. T.4. S. 461
3. Kushkumbayev A. K Voennoye delo kazakhov v XVII-XVIII vekakh. Almaty. Dayk Press, 2001. S. 184
4. Yerofeyeva I. Batyry kak fenomen istorii kazakhskogo naroda //Kazakhstanskaya pravda. 1992. 25 sentyabrya. // 10 let nezavisimosti Kazakhstana: itogi i perspektivy razvitiya. // Materialy mezhdunarodnoy obrazovatel'noy konferentsii. 20-24 fevralya 2001 g. CH. II. Almaty. 2001. 932 s.
5. Dauitbekova M. Kazaq qogamındaǵı batırlar institutınıñ tarihi bastauları. 10 let nezavisimosti Kazakhstana: itogi i perspektivy razvitiya. // Materialy mezhdunarodnoy obrazovatel'noy konferentsii. 20-24 fevralya 2001 g. CH. II. Almaty. 2001. 932 s.
6. Sızdıqova R., Koygeldiev M. Kadirǵali bi Kosımulı zhane onıñ zhılnamaları zhinagı. Almatı. Kazaq universiteti, 1991. 270 b. Orbulaq shayqasınıñ kupiyası. <https://e-history.kz/kz/news/show/2294/> 13. Aqjoltay Aǵıbay batır. Jezqazǵan, 1992. 232 b.
7. Bekmakhanov E.B. K voprosu o sotsial'noy prirode batyrov (XIX vek) // VAN KazSSR. 1947. № 8. S.62-64.
8. Apollona N.G. Prisoyedineniye Kazakhstana k Rossii v 30-kh godakh 18 veka. Alma-Ata. AN SSR, 1948. 254 s.

9. Shoinbayev T.ZH. Dobrovol'noye vkhozheniye kazakhskikh zemel' v sostav Rossii. Alma-Ata, 1982. 279 s.

10. Vyatkin M.P. Batyr Syrim. Almaty, «Sanat», 1998. S.390. 11. Valikhanov CH.CH.. Oruzhiye kyrgyzov v drevnosti i ikh voinskiye dospekhi / T.1. Alma-Ata: KazSSR, 1961. S. 463-468.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Қарибаев Сәрсебай Өскенұлы - тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті. М.Әуезов ағындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. тел.: 8-701-364-52-58; email.ru: ksarsebay@mail.ru